

БЕКІТЕМІН
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Қалалық фтизиопульмонологиялық
орталығы» ШЖҚ МКК
директор А.Цепке



2021 жылғы «14» 01

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚАЛАЛЫҚ
ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ МКК
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

**НҰР-СҰЛТАН қ.,
2020 ж.**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10 –бабына сәйкес әзірленді және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі-ҚФО) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және мемлекеттік қор қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) функционалдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде ҚФО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

3) ҚФО қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ҚФО-ның функцияларын жүзеге асыру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезіндегі қызметінде қолданылады.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ҚФО қызметкерлері орындау үшін міндетті.

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына ҚФО әрбір қызметкері дербес жауапты болады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мемлекеттік қор қызметкерлерінің белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

7. ҚФО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылауды сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

2. ҚФО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ, ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ӘРЕКЕТ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар.

8. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) өзінің қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

2) мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған кезде ҚР заңнамасына сәйкес жою бойынша шаралар қабылдау;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру кезінде өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

4) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға міндетті.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

2) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс;

3) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

3. ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШЕШІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ

10. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға баяндау.

11. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.

12. Әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден тартыну.

13. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және ынталандырмау.

14. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу.

15. Лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдамауға міндетті.

16. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау.

17. Егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апасын-сіңлілері, балалары) қатынаста тұрған адамдардың тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тартуға құқылы.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.

19. Белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу немесе әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндау.

20. Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдік туғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау.

21. Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну қажет.

22. Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау.

23. Мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.

24. Кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тарту.

25. Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу.

4. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ, ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ-РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ҚФО ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҰСЫНЫЛАДЫ:

26. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.

27. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін өтініштерді қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу.

28. Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен қызметтен тыс қарым-қатынасқа түспеу.

29. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндау.

30. Мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушімен тікелей байланысты барынша азайту.

31. Қызмет алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етпеу.

32. Ақпараттық жүйелерге (олар болған жағдайда) мемлекеттік қызмет көрсету туралы қарауға қабылданған өтініштер, сондай-ақ оларды қарау мәртебесі туралы мәліметтерді уақтылы енгізу.

5. ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ҚҒО ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНА ҰСЫНЫЛАДЫ:

33. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.

34. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру.

35. Әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік.

36. Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы.

37. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

38. Осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда Тапсырыс берушінің немесе Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылса өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жол бермеу.

39. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

6. ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗДЫ ҚАТЫНАСТАР ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ:

40. Туыстық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету.

41. Бағыныштылардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты анықтау.

42. Қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу.

43. Олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту.

44. Нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу.

45. Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

46. Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

47. Қарамағындағы және басқа да лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу.

48.Әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау.

49.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.

50.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде бағыныштылармен.

51.Қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағы қызметкерлерді тартуға жол бермеу.

7. ҚФО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

52.Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру-бұл қоғамда жалпыға танылған құндылықтар жүйесі призмасы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қажеттігіне қызметкерлердің сенімін нығайту жөніндегі қызмет:

- 1) патриоттық сезімді дамыту;
- 2) жақын адамдарға деген махаббат;
- 3) адамдардың аға буынына құрметпен қарау;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағында тұратын халықтардың ұлттық дәстүрлеріне құрметпен қарау;
- 5) өз елінің тарихын білу.

53. ҚФО қызметкерлеріне кез-келген теріс қылықтарға, тіпті ең мардымсыз көріністерге төзбеушілікті қалыптастыру. Бұл ретте, негізгі назар жазаның бұлтартпастығына, оқиғаға төтенше жағдай деңгейін беруге, ұжымдық талқылауға және алдағы уақытта жол бермеу жөніндегі алдын алу шараларын әзірлеуге аударылуға тиіс.

8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ДЕРБЕС ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

54. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

55. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен оның алдын алуға бағытталған шаралардың тиімділігі көп жағдайда іс-қимылдардың реттілігімен, жүйелілігімен және үздіксіздігімен сипатталуы тиіс ҚФО құрылымдық бөлімшелері басшыларының қағидаттық ұстанымдарына байланысты болады.